

**Ақмола облысы Білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім  
болімінің жаңындағы Көкшетау қаласының "Көктем"бобекжайы"  
МКҚК тәрбиеші лауазымының уақытша бос орына  
1 жыл мерзімге дейін қабылданатынына  
ашық конкурс жариялады**

Лауазымдық жалакы енбек сінірген жылдарына байланысты 131 600 тенгеден 143 322 теңгеге дейін.

**Лауазымдық міндеттері:** Балалардың денсаулығын сақтау мен коргау қызметін қамтамасыз етеді: оларды оқыту мен тәрбие беруде денсаулық сактайтын технологияларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оку қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процессті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық ортаның қалыптастырады, балалардың шығармашылығына (онындық, танымдық, қозғалыс, коркемонер, енбекке баулу) жетекшілік етеді.

Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелей және бағыттық әдісін іске асырады.

Дамуында ауытқу байкалатын балалармен түзеу қызметі саласында енбек ететін мамандармен бірлесе жұмыс жасайды, жалпы білім беретін оку бағдарламаларын, оку-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топтағы балалардың жеке талаптарын ескере отырып тәрбие-білім беру жұмыстарын жоспарлайды.

Тәрбиелеу мен оқыту қызметін кол жеткен жетістіктерді корытындылай отырып жоспарлайды.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың мектеп жасына жеткенде мүмкіндіктерінің тен дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін бірге тәрбиелеу және оқыту арқылы оларды алеуметтендіруді жүзеге асырады.

Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі әрбір баламен жеке жұмыс жүргізеді.

Отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жана бағыттарын зерделеумен және оны жұмыс барысында қолданумен шүғылданады.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту барысында ата-аналарға консультативтік көмек беруді іске асырады. Балалардың күкіктары мен мүдделерін корғайды.

Білім беру үйымдарында "Құндылыктарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының катысуымен енгізеді.

### **Білуге міндетті:**

Казакстан Республикасының Конституциясын, Казакстан Республикасының Ешбек Кодексін, Казакстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемкорлықта көрсету туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Казакстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

психология және педагогика, алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелерді;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үйымдастырудың нормативтік-құқықтық құжаттарын.

### **Біліктілікке койылатын талаптар:**

тиісті бейінде жогары және (немесе) жогары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап койылмайды.

Біліктілігі жогары деңгейі болған жағдайда педагог-модератор және педагог-сарапшы үшін мектепке дейінгі үйымның тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 3 жыл, педагог-шебер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Біліктілігі орта деңгейлі болған жағдайда мектепке дейінгі үйымның тәрбиешісі лауазымында жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 4 жыл.

Конкурс "Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру үйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандагы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Ешбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен бұйрығы негізінде откізіледі

Конкурсқа катысуға ииет білдірген адам хабарландырудан көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

- 1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын күжат не цифрлық күжаттар сервисінен алынған электронды күжат (идентификация үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (накты тұргылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға койылатын біліктілік таланттарына сәйкес білімі туралы күжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын күжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сактау саласындағы есепке алу қүжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 казандығы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – УБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы күәлік (болған жағдайда).
- 10) 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Багалау парагы.

Конкурсқа қатысуға күжаттарды кабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Күжаттардың біреуінің болмауы кандидатқа күжаттарды қайтару үшін негіз болып табылады.

Кандидат болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша акпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атактар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы күжаттардың көшірмелері, алдынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті күжаттарды кандидат білім беру ұйымының ресми сайтында хабарландыру шыккан күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде келесі мекенжай бойынша ұсынуы тиіс:

**020000. Ақмола облысы, Қоқшетау қаласы, Қоктем 17а шағын ауданы, анықтама телефоны: 72-31-87; 72-31-88; 72-31-86, [koktem.2017@mail.ru](mailto:koktem.2017@mail.ru)**